

A wooden gavel with a handle and a head, resting on a wooden surface. Two gold wedding rings are placed on the surface next to the gavel. The background is a warm, wooden texture.

# Бұрынғы жұбайлардың арасындағы алименттік міндеттемелерді құқықтық реттеу

Әбдіраим Ш.  
Б.

# МАЗМҰН

## КІРІСПЕ

## 1 ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ АЛИМЕНТТІК МІНДЕТТЕМЕ ИНСТИТУТЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Отбасы құқығында алименттік міндеттемелердің ұғымы және мазмұны

1.2 Отбасында алименттік міндеттемелерді пайда болу негіздері және түрлері

## 2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЛИМЕНТТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

2.1 Кәмелетке толмаған балаларды асыраудағы ата-аналардың міндеттері

2.2. Алиментті сот арқылы өндіру тәртібі, алименті еріксіз өндіру мәселелері

2.3 Отбасы мүшелерінің мүдделерін қамтамасыз ету құралы ретінде алимент төлеу туралы келісім

## 3. БҰРЫНҒЫ ЖҰБАЙЛАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ АЛИМЕНТТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

3.1 Алименттік міндеттемелерде заңдық жауапкершіліктің шараларын қолдану

3.2 Алименттік міндеттемелердің құқықтық реттелуін шетел



# КІРІСПЕ

**Дипломдық жұмыстың өзектілігі.** Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың етене құқығы әрі міндеті. Және кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.


**Дипломдық жұмыста қаралатын мәселелер:**

осы құқықтық қатынас төңірегінде туындайтын даулы мәселелердің алдын алу; бұрын қолданыста болған заңнамадан алименттік құқықтық қатынас тәртібін жеңілдететін, олардың даулы мәселелерін кемітетін, қажеттілікке мұқтаж, еңбекке жарамсыз отбасы мүшелерін күтіп-ұстауды қамтамасыз етуге көмектесетін ережелерді табу;

алименттік қатынастардан туындайтын дауларды уақтылы, тиімді әрі дұрыс шешу;

неке және отбасы саласындағы заңнамаға қатысты нақты ұсынымдар мен тұжырымдар жасау.

**Дипломдық жұмыстың объектісі** - құқықтық қатынастар. Отбасы құқығындағы алименттік міндеттемеге қатысты, осы міндеттемені реттейтін құқықтық нормалар.



# 1 Отбасы құқығындағы алименттік міндеттеме институтының теориялық аспектілері

## • 1.1 Отбасы құқығында алименттік міндеттемелердің ұғымы және мазмұны

Алимент латын тілінен (Alimentum) – тамақтандыру, асырау деп аударылады, ал заң қарастырған жағдайлардағы алимент-отбасының бір мүшелері басқа мүшелері пайдасына төлеуі тиіс қаражат. Алименттер - алуға құқығы бар екінші адамға бір адам беруге міндетті болатын асырау қаражаты. Алименттік міндеттеме негізі болып отбасылық қатынастар, ал мақсаты тізімі заңда көрсетілген отбасының еңбекке жарамсыз және мұқтаж мүшелерін қамтамасыз ету болып табылады. Балалар жастарына байланысты өздерінің құқықтарын, соның ішінде ата-аналарымен қатысты құқықтарын қорғауда әлсіз. Сондықтан, олардың құқықтары бұзылғанда, мемлекет қамқоршы және қорғаншы органдары арқылы өз бастамасымен ата-аналық құқық қатынастарына араласады. ТМД елдерінің барлығының заңнамасы ата-аналарды өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырауға, ал еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларын өмір бойы қамтамасыз етуге міндеттейді. Ал ата-аналық құқықтан бас тартқысы келген азаматтар мен азаматшалар үшін бұл әрекет мүмкін емес. Мүмкінсіздігі екі кезеңмен байланысты: біріншіден, ата-аналар өз еркі бойынша баламен құқықтық байланыс негізі болып табылатын биологиялық туыстық қатынастарын тоқтата алмайды. Екіншіден, ата-аналық құқықтан бас тарту нормаларға қарама-қайшы. Толықтай алғанда, алименттеу - мүлікті берумен мәжбүрлеп орындалатын міндеттеме екенін ескере отырып, алименттік міндеттеменің шарты болып нағыз жанұялық қатынастардың бұзылу фактісін емес, міндеттінің өзіне міндеттелген субъектілерін қамтамасыз етуден бас тарту фактісі екенін назарда ұстаған жөн.

# 1.2 Отбасында алименттік міндеттемелерді пайда болу негіздері және түрлері

- Алименттік міндеттеме мынадай заңды фактілер негізінде пайда болады:
- а) субъектілер арасында отбасылық қатынастар бар болғанда;
- б) жақтар арасындағы келісімдерде немесе заңда қарастырылған алименттеуге қажетті шарттардың болуы;
- в) алиментті төлеу туралы жақтардың келісімі немесе соттың алиментті төлеу туралы шешімі;
- Алименттік міндеттіліктің пайда болу негізі императивті түрде заңмен анықталады. Алименттік міндеттіліктер қатаң жекелей сипатқа да ие: ол міндетті тұлғаның да, аманат етіп қалдырылған тұлғаның да өлуі кезінде жойылады, ұрпақтан-ұрпаққа берілмейді, оларға қажеттілікке жеңілдік және қарызды ауыстыру туралы ережелер қолданылмайды. Бұл алиментті төлеуге міндетті тұлғаның осы міндеттемені басқа бір тұлғаға беруге құқығы жоқ дегенді білдіреді. Екінші жағынан, алиментке құқығы бар тұлға бұл құқықты басқаға бере алмайды. Алименттік міндеттіліктер қайтарылымды емес болып табылады, себебі, компенсация алуға немесе қарсы қанағаттандыруға жатпайды. Олар қате міндеттеліп қойса да, қайтадан талап етіле алмайды. Бірақ олардың ісі жалған ақпараттар мен құжаттарда белгіленсе, қайта талап етуге жатады. Алименттік міндеттіліктердің өзіндік сипаты оларды қайтарылымды қыла алмайды, себебі, аталған сипат алименттің тек ата – аналары балаларына төлеуінде емес, балаларының ата – аналарына олардың еңбекке жарамсыздығы салдарынан материалдық көмекке зәру болуы кезінде де төлейтіндігінде

A photograph of a man and a woman in business suits sitting at a table with a baby. The man is on the left, looking towards the woman on the right. The baby is in the center, holding a blue cup. The background is a blurred office setting. Overlaid on the image is red text in Russian, which is a translation of the provided Kazakh text.

Еңбекке қабілетті кәмелетке толмаған балалар еңбекке қабілетсіздігі салдарынан материалдық көмекке зәру ата – аналарын қамтамасыз етулері қажет. Одан кейін, балаларға бұл міндеттен құтылуға мүмкіндік беретін қосымша бар, ол – «егер ата – ана назар аударуға лайықты емес деп танылса» деп аталады. Балалар қамтамасыз ету бойынша міндеттемеден, егер еңбекке қабілетсіз ата – анасы сот шешімі бойынша ата – аналық міндеттемелерін орындаудан жалтарған деп шешілсе ғана босатылады. Балалар ата – аналық құқығынан айырылған ата – аналарына алимент төлеуден босатылады. Сондай-ақ, өлім оқиғасында және одан да басқа, балаларға деген ата-аналардың, ата-анаға деген балалардың алимент төлеуі мынадай жағдайларда тоқтатылады: а) алимент қарастырылған баланы басқа біреудің асырап алуы кезінде; б) баланың кәмелеттік жасқа толуы кезінде; в) кәмелетке толмаған балалардың кәмелетке толмай тұрып, еңбекке қабілеттілігіне толық жетуі; г) сот көмегімен алимент алушының көмекке зәрулігінің тоқтатылуы немесе еңбекке қабілеттілігінің қайтадан берілуі кезінде. Балаларға алимент бала кәмелетке толмаған немесе еңбекке жарамсыз, бірақ кәмелетке толған болса болса, кез – келген сәтте тағайындала береді. Алименттік міндеттеменің ең негізгі

# Алименттің түрлері

- **Кәмелетке толмаған балаларға төленетін алименттер.**  
Алименттің бұл түріне ерлі-зайыптылардың ажырасқан болуы міндетті емес. Мысалы, егер күйеуі баланың оқуына, тұрмыс-тіршілігіне ақша бермесе, әйелі оны сот арқылы алимент төлеуге міндетті ете алады. Бірақ, баланы асырауда ананың да міндетті екенін ұмытпаған жөн.
- **Ерлі-зайыптылардың біріне және бұрынғы ерлі-зайыптылардың біріне төленетін алименттер.**
- Мысалы: еңбекке жарамсыз мұқтаж ерлі-зайыптының бірі;  
жүктілік кезінде зайыбына және ортақ бала туғаннан бастап 3 жыл ішінде;  
18 жасқа толғанға дейін ортақ мүгедек-баланың күтімін жүзеге асыратын мұқтаж зайыбы; Егер келісушілік немесе келісім болмаса, онда алименттерді төлетуге сотқа талап-арыз беруге болады. Алимент мөлшерін сот шешеді.
- **Кәмелетке толған, бірақ еңбекке жарамсыз балаларға алименттер.**
- **Еңбекке жарамды ата-аналар көмекке мұқтаж өздерінің кәмелетке толған, бірақ еңбекке жарамсыз балаларын асырауға міндетті.** Бұл жағдайда ата-ана арасында келісім болмағанда, алименттер мөлшерін сот отбасының материалдық жағдайына байланысты анықтайды.
- **Кәмелетке толған балалардың еңбекке жарамсыз ата-аналарын асырауына алименттер.**
- Балалар еңбекке жарамсыз ата-аналарын келісім бойынша ерікті асырай алмаса, онда ата-аналар сотқа алименттерді талап етуге өтініш бере алады. Ата-ана құқығынан айрылған ата-аналар осындай алименттерге үміткер бола алмайды.



The image shows the flag of the Republic of Kazakhstan, which is blue with a golden sun and eagle in the center and a golden ornamental pattern on the left side. The text is overlaid on the flag.

**2.ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ  
АЛИМЕТТІК  
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ**



## 2.1 Кәмелетке толмаған балаларды асыраудағы ата-аналардың міндеттері

Ата-ананың міндеттерінің ішінен тек қана баланы асырап бағуға байланысты міндетті еріксіз тәртіпте жүзеге асыруға болады. Қазақстан Республикасының Отбасы кодексі бойынша ата-аналар өздерінің кәмелеттік жасқа толмаған балаларына қатысты құқықтары мен міндеттері тең. Бала тәрбиелеуші ата-аналар өздерінің қабілеттері мен қаржылық мүмкіндіктерінің шегінде оның дене, психологиялық, адамгершілік және рухани жағынан дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін негізгі жауапкершілікте болады. Ата-аналар өз балаларының заңды өкілі болып табылады және кез-келген жеке және заңды тұлғаларға қатысты, оның ішінде соттарда арнаулы өкілеттісіз олардың құқықтары мен мүдделерін қорғайды. Байлықты кәмелетке толмаған балаларына берудің реті мен шартына ата-аналар өздерінің өкілеттісіз етуге қатысқан кезде, алимент төлеу міндеттемесі туындайды. Ата – аналардың кәмелетке толмаған балаларын қамтамасыз ету туралы міндеті шартсыз болып табылады, яғни алимент баланың 18-жасқа толуына дейін және балалардың көмекке зәру екендігі немесе емес екендігіне, ата – аналардың баланы қамтамасыз етуге жеткілікті қаржысы бар ма екендігіне қарамастан, сонымен қатар, ата – аналық құқықтың туындау сәтінен бастап, кез – келген жағдайға тәуелсіз беріледі. Ол сол құқықтық қатынас шеңберінде пайда болып, сонымен бір уақытта баланың кәмелеттік жасқа толуы кезінен бастап тоқтатылады. Бала құқығы туралы Конвенцияның 26-27- баптарында, тіпті, ата – аналардың міндеттілігі емес, олардың балаларды қамтамасыз етудегі қаржылық жауаптылығы туралы айтылады. Мемлекеттік институттар ата – аналарға балаларын қамтамасыз етуде көмек көрсете алады, мысалы, жеңілдіктер мен балаларға берілетін көмек түрінде және т.с.с. арқылы. Бірақ балаларды қамтамасыз етуші мемлекеттік институттардың қызметіне қатысты ерекшеліктер бар.

Ата – аналардың кәмелетке толмаған балаларына қатысты алименттік міндеттілігінің негізі болып мыналар табылатынын ескерген жөн:

а) АХАЖ органдарында белгіленген тәртіпте куәландырылған ата – аналар мен балалар арасындағы туыстық қатынасы; б)

балалар кәмелеттік жасына жеткенге дейін жұмыс жасайтынына және жасамайтындығына қарамастан еңбекке жарамсыз деп танылуы; в) тараптардың алиментті төлеу туралы келісімі немесе алиментті төлеу туралы сот шешімі.

Біздің ойымызша, кәмелетке толмаған, бірақ толықтай қызметке қабілетті балалар заң бойынша өздерінің еңбекке қабілетсіз және көмекке зәру ата-аналарына күтім жасауға, қажеттілік жағдайында қосымша шығындарды төлеуге тартылуға міндетті. Бірақ ата-аналардың алименттік шарттарын қанағаттандырудан бас тартудың негізі болып оларды ата-аналық құқығынан айыру табылады. Ата-аналар ата-аналық құқығынан айырылулары мүмкін, егер олар: 1) ата-аналық міндеттерді орындаудан, сонымен қатар, алимент төлеуден қатаң тартыншақтанса;

2) белгілі себептермен өз баласын балалар үйінен немесе өзге тәрбиелеу, емдеу және басқа да мекемелерден алудан бас тартса;

3) өзінің ата-аналық міндеттерін асыра пайдаланса;

4) балаларға шектен шыққан қаталдылық көрсетсе, сонымен қатар, оларға физикалық және психикалық зорлықты жүзеге

# Алимент қандай мөлшерде төленуі тиіс?

Ажырасу барысында ерлі-зайыпталыр баланы асырау туралы өздері келісу керек. Алименттер сол келісім бойынша төленеді. Егер ондай келісім болмаса, онда Кодекстің 139-бабына сәйкес кәмелетке толмаған балаларға алиментті ата-анасы сотпен төлетеді. Алименттер ай сайын ата-анасының еңбекақысынан және өзге табысынан мынадай мөлшерде төленуі тиіс: **1 балаға – табысының төрттен бір бөлігі; 2 балаға – табысының үштен бір бөлігі; 3 және одан да көп балаларға – табысының жартысы.**




Кейбір жағдайларда осы үлестер мөлшері тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайын және басқа балалар және өзге де назар аударатын жағдайларды ескерумен азайтылуы немесе ұлғайтылуы мүмкін. Жұмыс істемейтің борышкердің төлеуге міндетті алимент мөлшері ҚР орта жалақы мөлшерімен есептеледі. Алиментті төлеушінің жалақысынан ұстап қалуын талап етуге болады. Ол туралы сотта бөлек арыз жазу керек. Бірақ, Заңға сәкес борышкерде қалатын жалақысының немесе өзге де табысының мөлшері 50% кем болмауы тиіс.



## 2.2 Алиментті сот арқылы өндіру тәртібі, алиментті еріксіз өндіру мәселелері


Тәжірибеде алиментті алу мәселесі өте көп туындайды. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексінің алиментті тәркілеудің жалпы ережелерін қарастырады. Сонымен қатар, Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңы өтеушіде жалақысы болмаған жағдайдағы алиментті алу ретін, алименттік қарыздардың берілу ретін және т.б. сұрақтарға жауап іздеді.

Судья алиментті алу туралы үкімді сотпен тиісті шешім қабылданғанға дейін шығаруға құқылы. Дау туу жағдайында сот шешімі шығарылады. Шешім Қазақстан Республикасы атынан және Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің ережелері бойынша шығарылады. Алименттік төлемдерді жалақы есебінен немесе өзге кірістер есебінен үш айдан артық мерзімде ала алмаған жағдайда, «Орындаушылық өндіріс туралы» Заңына сәйкес борышкердің мүлкін тәркілеуге жүгіну болады, ол бойынша сот орындаушысы үкім шығарады. Бас бостандығынан айыру мекемелерінде жазасын өтеп жатқан тұлғалар үшін, егер борышкер бұл кезеңде жұмыс жасамаса, алимент бойынша қарыз бір айлық есептік көрсеткіш арқылы анықталады.



## 2.3 Отбасы мүшелерінің мүдделерін қамтамасыз ету құралы ретінде алимент төлеу туралы келісім

- Алимент төлеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады және ол нотариатта куәландырылуға тиіс. Алимент төлеу туралы келісімнің заңда белгіленген нысанын сақтамау Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларында көзделген салдарларға әкеп соғады. Алимент төлеу туралы келісімді жасауға, орындауға, өзгертуге, бұзуға және жарамсыз деп тануға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасауды, орындауды, өзгертуді, бұзуды және жарамсыз деп тануды реттейтін нормалары қолданылады. Алимент төлеу туралы келісімді орындаудан біржақты бас тартуға немесе оның шарттарын біржақты өзгертуге тыйым салынады.
- Тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайлары елеулі түрде өзгеріске ұшыраған жағдайда және алимент төлеу туралы келісімді өзгерту немесе бұзу жөніндегі келісімге қол жетпеген кезде, мүдделі тарап осы келісімді өзгерту туралы немесе бұзу туралы сотқа талап-арызбен жүгінуге құқылы. Алимент төлеу туралы келісімді өзгерту немесе бұзу туралы мәселені шешу кезінде сот тараптардың назар аударарлық кез келген мүддесін ескеруге құқылы.



Егер алимент төлеу туралы келісімде көзделген кәмелетке толмаған баланы немесе кәмелетке толған әрекетке қабілетсіз отбасы мүшесін күтіп-бағу шарттары олардың мүдделерін елеулі түрде бұзатын болса, мұндай келісім кәмелетке толмаған баланың немесе кәмелетке толған әрекетке қабілетсіз отбасы мүшесінің заңды өкілінің, сондай-ақ қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның немесе прокурордың талап етуі бойынша сот тәртібімен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Алимент төлеу туралы келісім бойынша төленетін алименттің мөлшерін тараптар осы келісімде айқындайды. Кәмелетке толмаған балаларға алимент төлеу туралы келісім бойынша белгіленетін алименттің мөлшері олардың сот тәртібімен алимент өндіріп алған кездегі алуы мүмкін алименттің мөлшерінен төмен болмауға тиіс. Алимент төлеу туралы келісім бойынша алимент төлеудің тәсілдері мен тәртібі келісімде айқындалады. Алимент оны төлеуге міндетті адамның табысына және (немесе) өзге де кірісіне үлеспен кезең-кезеңмен төленіп тұратын тұрақты ақша сомасымен; біржолғы төленетін тұрақты ақша сомасымен; мүлік беру жолымен, сондай-ақ келісімде қол жеткізілген өзге де тәсілдермен төленуі мүмкін. Алимент төлеу туралы келісімде алимент төлеудің әртүрлі тәсілдерін ұштастыру көзделуі мүмкін.

Ағымдағы заңнама төлеудің шарттары, реті және мөлшері көрсетілмейтін алиментті төлеу туралы келісімнің жасалуын болғызады. Осыған байланысты алименттік келісімнің құқықтық табиғаты туралы мәселе туындады.

Әдебиеттерде аталған келісім өз табиғаты бойынша азаматтық-құқықтық келісім





3. Бұрынғы  
арасындағы  
міндеттемелер

жұбайлардың  
алименттік  
туралы

## 3.1 Алименттік міндеттемелерде заңдық жауапкершіліктің шараларын қолдану

- 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген ҚР жаңа Қылмыстық кодексіне байланысты кәмелетке толмаған балаларды қамтамасыз ету бойынша төленуі тиіс қаржыдан жалтарған ата-аналарға мынадай шаралар қолдану қарастырылған: сот шешімін орындау үшін сот орындаушысы үш ай немесе одан да көп мерзімде алимент төлеуден жалтарған адамға ҚР ҚК «Балаларды немесе еңбекке жарамсыз ата-анасын, зайыбын асырауға алименттерді төлеу бойынша міндеттерін орындамауы» туралы 139-бапқа сәйкес шара қолданады. Үш айдан астам уақыт бойы кәмелет жасына толмаған және 18 жасқа тола тұрып еңбекке жарамсыз балаларды қаржылық қамтамасыз етуден бас тарту арқылы өз міндетін дұрыс атқармаған ата-анаға ҚР ҚК 139-бабы бойынша жаза қолданылады.
- «Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік» кодексінің 135-бабына сәйкес, сот бұйрығы шығарылатын талаптарға әке (ана) болудың анықталуына немесе үшінші тұлғаларды тарту қажеттігіне байланысты емес кәмелетке толмаған балаларды бағып-күтуге арналған алименттерді өндіріп алу туралы талаптар да жатқызылған. Мысалы, Еңбекші аудандық сотымен азаматша А-ның арызы бойынша азамат Б-дан кәмелетке толмаған қызын бағып-күтуге арналған алимент өндірілді. Себебі, аталған азаматтар тіркелген некеде тұрады, бұл талап «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің көрсетілген.



- 2014 жылы Астана қаласы Әділет департаментінің сот орындаушыларымен келіп түскен сот актілеріне байланысты алимент төлеуге қаржы өндіру туралы 18 мың орындаушылық өндіріс қозғалса, соның ішінде 14 000 борышкер сот шешімі бойынша төлем жасап келеді. 2015 жылдың қаңтар айынан бастап Астана қаласы Әділет департаментінің алимент төлемдерін өндіру жөніндегі бөлімінің сот орындаушылары Астана қалалық ІД-не Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 139-бабы аясында қылмыстық іс қозғалған 253 материал жіберді. Бүгінгі таңда 253 материалдың 80-і бойынша қылмыстық іс қозғалса, қалғандары қаралу барысында. Жауапсыз ата-аналардан олардың кәмелетке толмаған балаларының пайдасына алимент өндіру бойынша жұмыстар елордалық Әділет департаментінде үздіксіз жүргізіліп отырады.



### 3.2 Алименттік міндеттемелердің құқықтық реттелуін шетел заңнамаларымен салыстырмалы –талдау

- Алименттік міндеттемелер Қазақстан Республикасы неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы Кодексімен ғана емес, сонымен қатар кейбір шет елдерде Азаматтық кодекспен реттеледі. Мысалы, Грузия, Франция, Германия, Перу, Испания, Греция, Португалия және т.б. кей мемлекеттерде отбасы қатынастары Азаматтық кодексте реттеледі. Беларусь, Украина, РФ, Вьетнам, Куба және т.б. Соның бірі:

- «Балаларға алименттерді және отбасын күтіп-бағудың басқа да нысандарын өндіріп алудың халықаралық тәртібі туралы конвенцияны және Алименттік міндеттемелерге қолданылатын құқық туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 9 сәуірдегі Заңы балаларға алименттерді және отбасын күтіп-бағудың басқа да нысандарын өндіріп алудың халықаралық тәртібі мәселесі бойынша мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты жақсартуға ниет білдіре отырып, нәтижелі, қолжетімді, жедел, тиімді, экономикалық тұрғыдан мақсатқа сай, икемді және әділ тәртіпті орнату қажеттігін түсіне отырып, қолданылып жүрген Гаага конвенцияларының және өзге де халықаралық актілердің, атап айтқанда, 1956 жылғы 20 маусымдағы Шет елде алиментті өндіріп алу туралы БҰҰ конвенциясының ең үздік шарттарын негізге алуға ұмтыла отырып, технологиялар саласындағы жетістіктерден пайда табуға және технологиялар саласындағы өзгерістер мен кейінгі жетістіктерді қажеттігіне қарай пайдалануға мүмкіндік беретін икемді жүйе құруға, жаңа мүмкіндіктер жасауға ниет білдіре отырып, 1989 жылғы 20 қарашадағы Баланың құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясының 3 және 27-баптарына сәйкес:
  - - балаларға қатысты барлық іс-әрекеттерде баланың мүдделерін барынша қамтамасыз етуге бірінші кезекте назар аударылатынын,
  - әрбір баланың дене бітімі тұрғысынан, ақыл-ой, рухани, имандылық және әлеуметтік тұрғыдан дамуына қажетті өмір сүру деңгейіне құқығы бар екенін,
  - - ата-анасына (ата-аналарына) немесе балаға жауапты басқа адамдарға өздерінің қабілеттері мен қаржылық мүмкіндіктері шегінде баланың дамуына қажетті өмір сүру жағдайын қамтамасыз етуге негізгі жауапкершілік жүктелетінін, және
  - - қатысушы мемлекеттер, халықаралық шарттар жасасуды қоса алғанда, ата-анасының (ата-аналарының) немесе басқа жауапты адамдардың, атап айтқанда, осындай адамдар бала тұратын мемлекеттен бөлек мемлекетте тұратын жағдайда, баланы күтіп-бағу төлемін өндіріп алуды қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қолданатынын еске сала отырып, осы Конвенцияны жасасуға шешім қабылдады.

# Осы Конвенцияның мақсаты

- Балаларға алименттерді және отбасын күтіп-бағудың басқа да нысандарын өндіріп алудың тиімді халықаралық тәртібін қамтамасыз ету, атап айтқанда:
- а) Уағдаласушы мемлекеттердің органдары арасында өзара іс-қимылдың әмбебап жүйесін орнату;
- б) алименттер туралы шешімдерге қатысты берілетін өтініштердің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- с) алименттерді төлеу туралы шешімдерді тануды және олардың орындалуын қамтамасыз ету; және
- d) алименттер туралы шешімдерді дереу мәжбүрлеп орындату үшін тиімді шараларды айқындау арқылы қамтамасыз ету болып табылады.
- Конвенция:
- а) 21 жасқа дейінгі бала - ата-ана арасындағы қатынастардан туындайтын алименттік міндеттемелерге;
- б) жұбайын күтіп-бағу туралы шешімді тануға және орындатуға немесе а) тармақшасы шеңберіндегі талаппен бірге осындай өтініш берілген болса, шешімді орындауға;
- с) II және III тарауларды қоспағанда, жұбайын күтіп-бағуға қатысты қолданылады.



# АҚШ заңнамасы бойынша бұрынғы ерлі-зайыптылары біреуі біріше

тұрақты;

уақытша;

қалпына келтіру(реабилитация).

Тұрақты алимент аз қолданылады. Кейбір штаттарда мұндай алимент түрін мүлдем қолданбайды екен. Уақытша алимент ажырасу сатысындағы уақытта төленетін алимент. Мұндай алимент түрі басқа штаттарда әйел жақ жеңіп шығады. Қалпына келтіру алиментінің мақсаты-алимент алушы алимент ала отырып өзінің кәсібiлiгiн арттыру, қайта мамандандырылуы, тәжірибе алуына, әрi қарай өзiн асырауға мүмкiндiк беру үшiн қажет. Алимент егер алимент алу жұбайы басқа некеге отырса немесе басқа азаматпен азаматтық некеде бiрге тұрса тоқтатылады. Англия елiнде бұрынғы ерлi-зайыптылардың алименттiк мiндеттемелерi бойынша алимент төлеу тек бұрынғы жұбайына артылатын. Англияда бұрынғы ерлi-зайыптылардың ең төменгi ең жоғарғы алимент төлеу қаражаты анықталмаған. Бірақ тәжірибеде өте қызықты жағдай, Англия соты ажырасқан ерлi-зайыптылардың алимент төлеудi көбiне бұрынғы жұбайына артады және ол әйелiн өмiр бойы асырауға мiндеттенедi. Англия соты қазiргi уақытта үш жылға дейiн асырауға мiндеттейдi, алайда бұлда баламен



# Франция мемлекетінде алименттік міндеттемелер Азаматтық кодекспен реттеледі.

- Францияның Азаматтық кодексінің 217-бабы бойынша “ерлі-зайыптылар отбасыға мүмкіндігінше өздерінің үлесін қосу қажет”. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысы бір-бірінен алимент талап етуге құқылы. Бұрынғы жұбайы апатқа, денсаулығына, белгілі жасына байланысты әйелінен алимент сұрауға құқығы бар. Франция соты ерлі-зайыптылар ажырасқан кезде мынадай жағдайларды ескереді:
- **Ерлі-зайыптылардың материалдық жағдайын, табыс көздерін таба алатындығын, мүліктік жағдайын және өзге табыс көздерін анықтайды;**
- **Баланың бар екенін және егер араларында бала болса, баланың материалдық жағдайын және қажеттілігін анықтайды;**
- **Ерлі-зайыптылардың жастарына байланысты денсаулығын анықтайды;**
- **Ерлі-зайыптылардың өмірлік жағдайын анықтайды.**



Ал Италия мемлекетінің заңнамасы бойынша, егер алдыңғы некесін бұзғанына он ай толмаса, жаңа некеге тұруға болмайды. Жаңа неке құру үшін итальянстар коммунадан арнайы рұқсатнама қағаздарын алуы қажет. Бұл мемлекеттің өзіне тән, құқықтық материалдық нормаларымен ерекшеленгенімен, өзге елдер сияқты, алименттік өндіру қатаң жүргізіледі, яғни ажырасқан және бөлек тұратын жұбайына, сондай-ақ балаларының шығындарына көмектесуге міндеттенеді. Мысалы, Израиль мемлекетін алатын болсақ, “Алимент өндіру туралы” Заңы бойынша екі жағдайда алимент өндіруге болады: біріншіден, Ұлттық сақтандыру қызметіне жүгіну, егер алимент алушы шет ел мемлекеттерге шығатын болса, алимент алу

# «Қазақстан Республикасының Шет елде алиментті өндіріп алу туралы конвенцияға қосылу туралы»

- Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы Заңы Шет елде тұратын адамдардан алимент алуда мұқтаждық танытып, күн көрісі соған байланысты болып отырған адамдардың жағдайынан туындайтын күн гуманитарлық проблеманы шұғыл шешу қажеттігін назарға ала отырып, алименттік талаптар жөніндегі сот ісін жүргізу немесе шет елде өндіріп алу елеулі құқықтық және іс жүзіндегі қиыншылықтарға байланысты екенін назарға ала отырып, осындай проблемаларды шешудің және осындай қиындықтарды еңсерудің құралдарын қамтамасыз етуге тілек білдіреді. Конвенцияның мақсаты осы Конвенция қандай да бір Уағдаласушы Тараптың аумағында тұрып жатқан, төменде талапкер деп аталатын кез келген адамның, ол сендіріп отырғандай, қандай да бір басқа Уағдаласушы Тараптың құқықтық құзыретіне жататын, төменде жауапкер деп аталатын басқа адамнан алуға құқығы бар алиментті өндіріп алуын жеңілдету мақсатын көздейді. Бұл мақсатты төменде табыс етуші және аралық инстанциялар деп аталатын органдар жүзеге асырады. Және осы Конвенцияда көзделетін құқық қорғау құралдары ішкі немесе халықаралық құқық бойынша құқық қорғаудың қазіргі барлық басқа құралдарын толықтырады, бірақ алмастырмайды.



# ҚОРЫТЫНДЫ

- **Басты назар аударатын жайт – кәмелетке толмаған балаларды алименттік төлемдермен қамтамасыз ету. Бұл қазіргі таңда балаларға қатысты алименттік төлемдерді өндіріп алу туралы азаматтық істердің көбеюімен тікелей байланысты.**
- **Негізінен алименттік міндеттеме реттелуінің қазақ жұртында көп кездесуінің бірден-бір себебі-ажырасы. Бұл мәселенің алдын алу барысында, не азайту мақсатында мынадай тәсілдерді қолданғанымыз жөн деп санаймыз:**
- **1) қоғамда мындай олқылықтың алдын алу үшін тәрбие беруді отбасының, некенің маңыздылығын ұғындыруды әртүрлі жолмен мәселен, сондай жолдардың бірі ретінде дінтану пәнін тек жоғары оқу орындарында ғана емес мектеп табалдырығындағы бастауыш сыныптарынан бастап оқытқан жөн. Яғни біздің қозғап отырған мәселеміз ең алдымен дін жолы арқылы бала жүрегіне тазалық пен мейірімділікті ұялату қажет;**
- **2) бүгінгі таңдағы жас отбасы құрылып, пайда болуына бала себепші болмауы керек, яғни амал жоқтан емес, өз еркімен отбасы құрып, содан соң саналы ұрпақ көбейтуі керек.**

3) өмірде отбасының негізгі рөл екендігін ескеріп кеткен өткен жөн. Тіпті Карл Маркстың өзі шығармасында отбасы қоғамның «табиғи базисі» екенін жазғаны біздің отбасы мен оның мүшелерін, әсіресе толық емес отбасылардағы бүлдіршіндерді жан-жақты қорғау алғашқы міндетіміз екені анық. Бұл мәселе жайында біз жергілікті деңгейде де отбасы, әйелді жүктілік кезінде және балаларымызды тәрбиелеуді қолдаудың жаңа деңгейлерін табуымыз керек. Біз жоғары деңгейдегі адамгершілік құндылыққа толы қоғам болуымызға ерлі-зайыптылардың бір-біріне және ең бірінші балаларына деген жауапкершілігін күшейтуіміз қажет. Ата-аналар кәмілет жасқа толмаған балаларына, ал есейген балалар қартайған ата-аналарына қамқорлық көрсетсе, әйел заты отбасы мен



# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995ж  
Кодекс Республики Казахстан «О браке и супружестве», от 26.12.2011  
года.//ИС «Параграф».

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі, 2015 жылғы  
31 қазандағы № 377-V ҚРЗ

Нысанбекова Л.Б. Халықаралық жеке құқық.- Алматы: Жеті жарғы,  
2006.- 165 бет.

Қазақстан Республикасының Шет елде алиментті өндіріп алу туралы  
конвенцияға қосылу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 1999  
жылғы 30 желтоқсан N 33-II

«Балаларға алименттерді және отбасын күтіп-бағудың басқа да  
нысандарын өндіріп алудың халықаралық тәртібі туралы конвенцияны  
және Алименттік міндеттемелерге қолданылатын құқық туралы  
хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының  
2016 жылғы 9 сәуірдегі Заңы

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі, 2015 жылғы  
31 қазандағы № 377-V ҚРЗ



